

## «Сатып алулар үшін тегін Bereke Premium» акциясының ережелері (бұдан әрі – «Ережелер»)

**Акция** - «Bereke Bank» АҚ-та өткізілетін Mastercard World Elite төлем карталары бойынша маркетингтік акция (бұдан әрі – «Акция»).

**Банк** – «Bereke Bank» АҚ Акция ұйымдастырушысы болып табылады.

**Карта** - Банк Клиенттің атына шығарған Mastercard World Elite премиум картасы.

**Акция шеңберінде Картаны рәсімдеу кезеңі** - 01.10.2025 жылдан бастап 31.12.2025 жылға дейін.

**Акцияға қатысу кезеңі** - Карта шығарылған күннен бастап 6 (Алты) толық күнтізбелік ай.

**Сатып алу** – Клиенттің Банк шығарған төлем картасын немесе оның деректемелерін (E-com операциясы) пайдалана отырып, тауарларды/жұмыстарды/қызметтерді төлеуі.

**Тарифтер** - Банктің <https://berekebank.kz/> сайтында жарияланған Жеке тұлғаларға, Занды тұлғаларға және Жеке кәсіпкерлерге қызмет көрсету тарифтері.

**Акция қатысушысы** – Акцияға қатысу шарттарын орындаған және келесі шарттарға сәйкес келетін Банктің клиенті: Карта шығарылған күнге дейін 90 күн ішінде басқа жарамды Картасы болған жоқ.

### 1. Акцияға қатысу талаптары:

1.1. Акция өткізілу мерзімінде Картаны шығару.

1.2. Күнтізбелік ай ішінде сомасы 500 000 (бес жүз мың) теңгедеген басталатын Сатып алуларға Картамен төлем жүргізу.

### 2. Акция шеңберіндегі сыйақылар

2.1. Ереженің 1.2-тармағына сәйкес қатысу шарттарын орындау кезінде негізгі Картаның 1 (бір) жылдық қызмет көрсетуі үшін комиссия Акцияға қатысу кезеңінде тиісті күнтізбелік ай үшін алынбайды.

2.2. Акцияға қатысу кезеңі аяқталғаннан кейін Карталарға қызмет көрсету Банктің тарифтеріне сәйкес жүргізілетін болады.

### 3. Өзге талаптар

3.1. Банк Акция қатысушыларын Банктің <https://www.berekebank.kz> сайтында Ережелердің жаңа редакциясын жариялау арқылы хабарландыра отырып, Акция Ережелеріне өзгертулер енгізуге құқылы. Сонымен қатар Банк Акцияға қатысушыларға Ережеледің өзгеруі туралы маркетингтік және/немесе ақпараттық материалдарды ұсыну жолымен хабарландыруға да құқылы.

3.2. Акцияға қатысушылар <https://www.berekebank.kz> сайтында орналасқан Акция Ережелерімен және өзекті өзгертулермен өз бетінше танысады.

3.3. Банк еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда Акция қатысушыларына мұндай шешім туралы алдын ала хабарландырмай, өз жеке қалауы бойынша Акцияны өткізуді біржақты тәртіппен тоқтату немесе уақытша тоқтата тұру құқығын өзіне қалдырады.

3.4. Банк Акция қатысушыларының Акцияға қатысуына байланысты пайда болуы мүмкін ақшалай залалдардың, ұсталымдардың және өзге де кез-келген шығындардың орнын толтырмайды және қайтармайды.

3.5. Ережелерге кез келген өзгерістер мен толықтырулар Банк көрсеткен күннен бастап күшіне енеді және Карта ұстаушыларға қатысты қолданылады. Ережелердің жаңа редакциясы күшіне енгеннен кейін Клиенттің ағымдағы шоттар бойынша/Карталарды пайдалана отырып операциялар жүргізуі Клиенттің жаңа Ережелермен келісуін білдіреді.